

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және зертеу жөніндегі облыстық сараптау комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 87-III шешімі. Атырау облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 2 маусымда N 1991 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 12 қарашадағы № 132-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 12.11.2008 № 132 -V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Заңының 28 бабы негізінде және қорытынды пікір дайындау мақсатында, сонымен бірге ескерткіштердің тарихи-мәдени, ғылыми құндылықтарының мәртебесін анықтау үшін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 "Қазақстан Республикасындағы сәулет қала және құрылысы қызметі туралы" Заңының 21-бабын басшылыққа ала отырып, V сессиясында облыстық мәслихат **ШЕШІМ**
Е Т Т І :

1. Облыстық кеңесші сараптау комиссиясы құрылсын:

Мүрсалиева Тасқира Қабиқызы	облыс әкімінің»орынбасары, комиссия төрайымы;
Иманғалиев Бақыт Сайынұлы	облыстық мәдениет басқармасының бастығы, комиссияның төрайымының орынбасары;
Жылқышиев Қойшығұл Өмірұлы	облыстық "Тарихи-мәдени мұраны қорғау" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Әжіғалиева Рабиға Дүйсенғалиқызы	облыстық мұрағат және құжаттар басқармасының бастығы;
Қарманов Шымыр Досмырзаұлы	"облыстық сәулет және қала құрылысы саясаты

Абдірахманов Марат Гинаятұлы	басқармасының" бастығы; облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының б а с т ы ғ ы ;
Сәлімбаев Ермек Қайсаұлы	облыстық құрылыс кешені басқармасының»бастығы;
Табылдиев Хисмет Бозанұлы	"Атырау" газетінің бас редакторының»орынбасары, ғ а л ы м ;
Үлкенбаев Нариман Үлкенбайұлы	облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры.

2. Тарихи мәдени мұраны қорғау және зерттеу жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы туралы ереже бекітілсін (тіркелді).

3. Осы шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің»орынбасары Т.Қ. Мұрсалиеваға жүктелсін.

*Облыстық мәслихаттың кезекті
V сессиясының төрағасы,*

Облыстық мәслихат хатшысы

Облыстық мәслихаттың
2004 жылғы 28 сәуірдегі
№ 87-III шешімімен бекітілген

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және зерттеу жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және зерттеу жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Заңының 28 бабы негізінде облыстық мәдениет басқармасы консультативтік кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының "Тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен әкімдерін, облыс әкімі мен әкімдіктің актілерін, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мен облыстық мәдениет басқармасының бұйрықтарын, олардың тарихи-мәдени ескерткіштерді есепке алу, қорғау, жаңғырту, пайдалану мәселелері жөнінде алқа мәжілістерінің қаулыларын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссиясының негізгі функциялары мен өкілеттіліктері

1. Комиссия жергілікті атқарушы органдар ұсыныстарын қарайды және мына мәселелер бойынша ұсыныс береді:

1) тарихи-мәдени құндылықтарды тарих және мәдениет ескерткіштері ретінде тану жөнінде қорытынды дайындау;

2) оларды осы мәртебесін айыру;

3) орнатылатын ескерткіш немесе монументтің эскиздік жобасын, мүсіннің жұмыс үлгісін, дайындалған және қондырылған ескерткіштің немесе монументтің төңірегіндегі аумақты толық көркейтілуін аяқтаумен қабылдау.

2. Комиссия белгіленген тәртіппен және өз құзырына енетін мәселелер бойынша құқығы бар:

1) облыс бойынша ескерткіштер мен монументтерді орнату және орнына алып тастау мәселелерін тәртіпке келтіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) комиссия құрамын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

3) ескерткіштер мен монументтер жағдайына баға беру үшін облыстағы мүдделі органдар мен ұйымдардың мамандарын және кеңесшілерін тартуға;

4) комиссия құзырына жататын мәселелер бойынша заңды тұлғалардың қажетті ақпарат сұратуға;

5) ескерткіш және монумент құрылысын салу үшін гранттар түрінде қаржыландыруды тарту және техникалық көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) комиссия мүшелерін ескерткіштер мен монументтерді жобалау, орнату және орнына алып тасталу жерлеріне іссапарға жіберу туралы ұсыныстар енгізуге.

3. Комиссия құрамы

1. Облыстық сараптау комиссиясының құрамына мыналар енеді:

- облыс әкімінің орынбасары;

- облыстық мәдениет басқармасының бастығы;

- облыстық Тарихи-мәдени мұраны қорғау коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры;

- облыстық мұрағат және құжаттамалар басқармасының бастығы;

- облыстық сәулет және қала құрылысы саясаты басқармасының бастығы;

- облыстық қоршаған аумақтық басқармасының бастығы;

- құрылыс кешенінің басқармасының бастығы;

- облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры;

- Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің»

ғ а л ы м д а р ы .

Комиссия төрағасы, оның орынбасары және комиссиясының»жеке құрамы облыстық мәдениет басқармасының ұсынысы бойынша облыстық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

4. Консультативтік сараптамалық комиссия қызметін ұйымдастыру

1. Комиссиясының»мәжілісі қажеттілігіне қарай өткізіледі және оған комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқықтық өкілеттікке ие деп саналады.

2. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру жолымен қабылданады және егер олар үшін комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілікке дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия мәжілістерін өткізу нәтижелері бойынша хаттама жасалып, оған мәжіліске қатысқан мүшелері қол қояды.

3. Комиссиясының жұмысшы органы болып облыстық мәдениет басқармасы табылады.

Облыстық мәдениет басқармасының бастығы